

«8D02209 - Шығыстану» білім беру бағдарламасы мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Молдабек Ескер Бегалыұлының «Өркениеттер сұхбаттастығы әл-Фарабидің тарихи тұлғалық сипаты» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ШҚІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасында 2020-2025 жылдарға арналған білім мен ғылымды дамытудың <i>мемлекеттік бағдарламасына толық сәйкес</i> келеді. Зерттеу қазақ халқының тарихи және мәдени мұраларын зерделеу арқылы ұлттық бірегейлікті нығайтуға, білім мазмұнын жаңғыртуға әрі ғылыми зерттеулердің сапасын арттыруға өз үлесін қосады. Әл-Фараби ілімдерін талдау – түркі дүниесінің рухани мұрасын ғылыми тұрғыда қарастыруға жол ашады және гуманитарлық білім беру бағытындағы бағдарламаларды жетілдіруге септігін тигізеді. 1) «8D02209 – Шығыстану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу мақсатында дайындалған бұл диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаржылық қолдауымен жүзеге асырылған докторантура бағдарламасы аясында орындалды. 2) Диссертациялық жұмыс <i>нақты мемлекеттік бағдарлама аясында орындалмаған</i> . 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағыттарының бірі – 7. <i>Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар</i> саласына, нақтырақ айтқанда, 7.2. <i>Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы және пәнаралық зерттеулер</i> бағытына

			сәйкес келеді. Зерттеу «7.2.1. Ұлы есімдер мен ұлы дәуірлер» бағыты аясында жүзеге асырылған.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертация жұмыс ғылым саласына <i>елеулі үлес қосады</i>. Себебі еңбекте әл-Фараби тұлғасын тарихи-шығыстанулық талдау арқылы маңызды теориялық және практикалық нәтижелерге қол жеткізілген. Ғылыми нәтижелердің <i>маңыздылығы ашылған</i>. Аталған тақырып бұған дейінгі ғылыми еңбектерде толыққанды қарастырылмаған. Осыған байланысты әл-Фарабидің тұлғалық сипатын өркениеттер синтезінде зерделеу – отандық шығыстанушылық және әлеуметтік ой дамуы тұрғысынан өзекті ғылыми қажеттігі туындап отыр. Зерттеудің маңыздылығы бірнеше өзекті аспектілермен айқындалады. Біріншіден, зерттеу жұмысы тарихи және адами құндылықтарды жаңғырту мәселесін алға тартады. Әбу Насыр әл-Фарабидің еңбектерін қазіргі ғылыми талаптарға сай зерделеу оның саяси-философиялық және әлеуметтік-этикалық идеяларының бүгінгі күнгі өзектілігін дәлелдейді. Екіншіден, бұл зерттеу аталмыш ойшылдың тұлғалық келбетін мәдениаралық қатынастар тұрғысынан қарастыру арқылы қазақ дүниетанымының дамуындағы идеялық сабақтастықты және оның қазіргі гуманитарлық ғылымдар жүйесімен өзара байланысын айқындауға ықпал етеді. Үшіншіден, зерттеудің қазіргі ғылыми дискурстағы өзектілігі ерекше көрініс табады. Оның нәтижелері тек Қазақстанның гуманитарлық ғылымдарының дамуына ғана емес, сондай-ақ әлемдік философиялық ой кеңестігінде де үлес қосады. Отырар ойшылының мұраларындағы идеялар бүгінгі заманның құндылықтарын жаңаша түсінуге негіз болады. Сонымен қатар, бұл зерттеу жұмысы болашақ ғылыми

			ізденістерге теориялық және әдіснамалық бағдар бере отырып, Қазақстанның қазіргі әлеуметтік-мәдени даму стратегияларымен сабақтастыра қарастыруға мүмкіндік ашады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Зерттеу жұмысы ғылыми стильде жазылған, мұнда нақты ұғымдар мен анықтамалар, сондай-ақ ғылыми терминология мен категориялар жүйелі әрі дәйекті түрде қолданылған. Жұмыс барысында алынған тұжырымдар ғылыми негізде дәлелдермен нақтыланып, қисынды баяндалған. Бұл зерттеу ғылыми талаптарға толық сай келеді. Сондай-ақ, зерттеуде қолданылған әдіс-тәсілдер мұқият таңдалып, олардың тиімділігі нақты дәлелдермен негізделген. Сондықтан да автордың өзі жазу деңгейі <i>жоғары</i> .
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Зерттеу жұмысының өзектілігі Қазақстан Республикасының әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы ғылыми дамудың басым бағыттарымен сәйкес келеді. Әсіресе, әл-Фарабидің тұлғалық болмысының қалыптасуын өркениетаралық қатынастар негізінде қарастыру қазіргі Қазақстанның мәдени және рухани құндылықтарын жаңғырту, ұлттық философиялық ойдың тарихи тамырын анықтау және гуманитарлық ғылымдардың дамуына үлес қосу міндеттерімен тығыз байланысты. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет» және «Жаңа Қазақстан» тұжырымдамаларына негізделген реформалары қоғамдағы әділеттілік пен ізгілік қағидағтарын нығайтуды мақсат етеді. Осы тұрғыда Әбу Насыр әл-Фарабидің саяси-әлеуметтік идеяларын терең зерттеу өзектілікке ие. Мемлекет басшысы әл-Фарабиді Шығыс өркениетінің көрнекті ойшылы ретінде жоғары бағалап, оның философиялық мұраларындағы әділдік идеясына ерекше назар аударады. Бұл идеялар Қазақстанның қазіргі саяси жүйесін жетілдіруге қажетті теориялық негіз бола алады. Сондықтан бұл зерттеу жұмысы Қазақстанның даму стратегияларымен және мемлекет бекіткен ғылыми

		басымдылықтармен үйлесім тауып, ғылыми жаңашылдық пен өзектілікті қамтамасыз етеді. Диссертациялық жұмыстың өзектілігі <i>негізделген</i> .
	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	Диссертациялық жұмыстың мазмұны зерттеу тақырыбын толық ашуға бағытталған, оның құрылымы логикалық тұрғыда жүйелі түрде ұйымдастырылған және <i>тақырыпты айқындайды</i> . Жұмыс үш негізгі тараудан тұрады, олардың әрқайсысы тақырыптың негізгі аспектілерін жан-жақты талдауға арналған. Жұмыстың әрбір бөлімі зерттеу тақырыбының өзектілігін айқындауға және оның теориялық-әдіснамасын негіздеуге қызмет атқарады. Диссертациялық жұмыстың мазмұны құрылымдық жағынан үйлесімді ұйымдастырылып, тақырыптың мәнін толық ашуға және зерттеу міндеттерін тиімді орындауға мүмкіндік береді.
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Ғылыми зерттеу жұмысының алға қойған мақсаттары мен міндеттері <i>диссертация тақырыбына сәйкес келеді</i> және қорғауға ұсынылған тұжырымдармен астасып жатыр. Диссертациялық зерттеудің басты мақсаты – Әбу Насыр әл-Фарабидің тұлғасын өркениеттік тоғысу аймағында бой көрсеткен метаинтеллектуалдық құбылыс ретінде пайымдап, оның тарихи-шығыстанушылық және мәдени медиаторлық болмысын кешенді, интердисциплинарлық тұрғыдан зерделеу. Келтірілген мақсатты орындау барысында бірқатар нақты міндеттер қойылған. Ол міндеттердің нақты құрылымдауы зерттеу тақырыбының мазмұнын толық ашуға және оның ғылыми құндылығын арттыруға ықпал етеді.
	1) сәйкес келеді;	
	2) ішінара сәйкес келеді;	
	3) сәйкес келмейді.	
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Диссертация кіріспеден, үш тараудан және әр тарау үш бөлімнен және қорытындыдан тұрады. Кіріспе бөлімі тақырыптың өзектілігін, мақсат-міндетін, тұжырымдарын, жұмыстың зерттелу дегейі мен жаңалығын атап өтеді. Осыған сай тарауларда тақырыпты қандай ғылыми-теориялық әдістемелер негізінде талдағанын көрсете отырып, хронологиялық тұрғыдан орта ғасырдан бүгінгі күнге дейінгі әл-Фараби тұлғасына
	1) толық байланысқан;	
	2) ішінара байланысқан;	
	3) байланыс жоқ.	

		толық ғылыми анықтама береді. Қорытынды бөлімінде тақырыптың түйіндемесін жасап, ғылыми-зерттеу жұмысының бөлімдерімен өзара логикалық тұрғыда <i>байланыстырады</i>. Аталған жұмыс барысында Әбу Насыр әл-Фарабидің тарихи тұлғасы әлемдік деңгейде мойындалған ғылыми теориялардың негізінде жаңа қырынан көрсетіліп, <i>қалыптасқан кейбір зерттеу әдістемелері сынга алынған</i>. Автор қазіргі инновациялық технологиялардың негізінде әл-Фараби идеяларын іс жүзінде насихаттауға және қолдануға байланысты соны пікірлерін айтады.
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	Диссертациялық зерттеу жұмысының нәтижелері мен ережелері қолданылған ғылыми-теориялық әдістемелердің негізінде <i>толығымен жаңа</i> деп бағаланады. Алынған нәтижелері: Бірінші нәтиже. Әл-Фараби феномені алғаш рет постдисциплинарлық зерттеу шеңберінде қарастырылып, оның дүниетанымдық болмысы герменевтикалық онтология, аксиологиялық трансмиссия және мәдени архетиптік құрылымдар аясында талданды. Бұл тәсіл арқылы Фараби тек тарихи философ емес, өркениеттер арасында ойлау жүйесін аударушы семиотикалық тұлға ретінде анықталды; Екінші нәтиже. Ғалым мұрасы семантикалық миграция феномені ретінде қарастырылып, оның философиялық категорияларды антикалық дәстүрден исламдық ортаға көшіруде қолданған ұғымдық концептуалдық механизмді, терминологиялық реконфигурациясы және метатілдік құрылымы алғаш рет кешенді сипатта жүйеленді; Үшінші нәтиже. Ойшылдың құндылықтық код жүйесі – антикалық пайым, исламдық онтология және түркілік толеранттылықтың

		синкреттік тоғысынан туындаған әмбебап метафизикалық өріс ретінде теориялық тұрғыда құрылымдалды. Бұл аспектілер оның ой-маржандарын қазіргі өркениеттік дағдарыс жағдайында мәдени-этикалық бағдаршы ретінде ұсынуға мүмкіндік береді; Төртінші нәтиже. Зерттеу жұмысы әл-Фарабидің ғылыми энциклопедизміне – логика, музыка, саясат, метафизика және таным теориясы аясындағы еңбектеріне интеркультуралық парадигма негізінде талдау жасап, оның эпистемологиялық гибридтілігі мен ойлау мәдениеттері арасындағы когнитивтік диалог құру қабілетін алғаш рет анықтады; Бесінші нәтиже. Әл-Фараби тұлғасы өркениеттік метакөңістіктегі медиативті субъект ретінде сипатталып, оның идеялары Шығыс пен Батыс арасындағы мәдени теңгерім құруға бағытталған интеллектуалдық хаб функциясын атқарғаны теориялық негізде дәлелденді; Алтыншы нәтиже. Диссертациялық жұмыста әл-Фарабидің саяси-этикалық философиясы, атап айтқанда «Қайырымды қала» моделі – әділет пен ізгілікке негізделген онтологиялық құрылым ретінде, қазіргі жаһандық қауымдастықтағы этикалық модернизация мәселелерімен сабақтастырыла талданды; Жетінші нәтиже. Зерттеу барысында фарабитану ғылымының қазіргі пәнаралық және өркениеттік таным парадигмасына сәйкестігі қарастырылып, оның мұрасы тек тарихи референция емес, философиялық трансактуалдылықтың қайнар көзі ретінде негізделді. Бұл тәсіл әл-Фарабиді ХХІ ғасыр үшін жол көрсетуші рухани-интеллектуал тұлға ретінде қайта ұсынуға мүмкіндік береді
	5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Диссертациялық зерттеудің қорытындылары бұрынғы ғылыми еңбектерде кездеспейтін жаңа тұжырымдар мен жаңа идеяларды қамтиды. Әл-Фарабидің тарихи-ғылыми тұлғасы тек исламдық Шығыс өркениетінің өкілі ғана емес, трансквилизациялық медиатор ретінде
	1) толығымен жаңа;	
	2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	

	3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	қарастырылады. Ол – Батыс пен Шығыс арасындағы идеялық-когнитивтік көпір, мәдени мағыналар мен философиялық дискурс формаларының семиотикалық ауысуын жүзеге асырған символдық фигура ретінде көрсетіледі. Ғылыми жұмыстың қорытындылары зерттеу тақырыбына қатысты жаңа көзқарастар мен тұжырымдарды ұсынады. Әл-Фарабидің дүниетанымдық жүйесі – антикалық рационализм, ислам метафизикасы және түркілік рухани парадигманың семантикалық тоғысында қалыптасқан метакогнитивтік құрылым ретінде сипатталады. Бұл құрылым философияны тек теориялық жүйе емес, рухани-этикалық трансформацияның тәсілі ретінде ұсынады. Сондықтан да бұл ғылыми жұмыстың қорытындылары <i>толығымен жаңа</i> болып есептеледі.
	5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Зерттеу жұмысының қағидаттары мен шешімдері жаңашыл сипатқа ие болып, ғылыми негізде дәйектелген. Әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындары» мен «Бақытқа жету жайында» атты трактаттары – ортағасырлық саяси-этикалық ойдың шыңы ғана емес, өркениеттік жобалаудың үлгісі ретінде қарастырылады. Мұнда әділет, ізгілік, білім мен биліктің үйлесімі қазіргі жаһандық дағдарыстар жағдайында өзекті бола түсетін нормативтік утопия ретінде көрініс табады. Зерттеу нәтижелері Отырар ойшылын басқа қырынан танытып, қазіргі цифрландыру дәуіріне Әл-Фараби идеяларын насихаттаудың жаңа әдістерін ұсынады. Автор ақпаратты тарқатудағы заманауи техникалық құралдарды тиімді пайдаланудың жолдарын ұсынады. Осыған байланысты ғылыми жұмысты техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдеріне қатысты болмағанымен, Әл-Фараби идеяларын тарқатуда ұсынған ойларын <i>толығымен жаңа</i> деп айта аламыз.
	1) толығымен жаңа;	
	2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
	3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (қуолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациялық жұмыстың барлық қорытындылары <i>ғылыми дәлелдемелермен негізделін</i> , жан-жақты талдау нәтижесінде қаыптастырылған. Зерттеу барысында қолданылған әдіснамалық тәсілдер – салыстырмалы талдау, тарихи-синергетикалық әдіс, жүйелік талдау және мәтіндік зерттеу әдістері – зерттеудің сапалық (qualitative research) әдістеріне тән тереңдік пен кешендікті қамтамасыз етеді. Әл-Фарабидің саяси-философиялық және әлеуметтік-этикалық ілімдерін талдауда ауқымды ғылыми әдебиеттерді зерделеу, идеялық қайнар көздерді анықтау және ғалымның философиялық жүйелерінің теориялық негіздерін салыстыра зерттеу тәсілдері қолданылды.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жана ма? 1) ия; 2) жоқ;	7.1. Зерттеу барысында ұсынылған негізгі ережелер ғылыми тұрғыдан толықтай дәлелденіп, зерттеу нәтижелерімен үйлесімді байланыста қарастырылған. Автор айқындаған ережелер әлемдік ғылыми теориялармен негізделген. Әрбір ереженің дұрыстығы қолданылған әдіснамалық тәсілдер арқылы жан-жақты дәлелденген. 7.2. Ұсынылған ережелер тривиалды емес. Зерттеуде қалыптастырылған ережелер бұрынғы зерттеулерде қарастырылмаған немесе толық ашылмаған мәселелерді жаңа көзқарас тұрғысынан айқындауға бағытталған. Автор ұсынған ережелер стандартты теориялық ұстанымдардан ерекшеленіп, терең талдау мен салыстырмалы зерттеу әдістерін қолдану арқылы жаңаша тұжырымдаған. 7.3. Диссертациядағы негізгі ережелер <i>жаңа</i>. Зерттеудің нәтижелері бұрын қарастырылмаған тың мәселелерді қамтиды. Әл-Фарабидің ғылымдарды жүйелеуі мен логикалық аппараттары – <i>эпистемологиялық инженерияның</i> классикалық үлгісі ретінде ұсынылып, оларды қазіргі ғылым философиясы мен білім берудің құрылымдық негізінде қайта қолдану мүмкіндігі негізделеді. Осы тұрғыдан зерттеу барысында

	3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	алынған қорытындылардың жаңашылдығы мен теориялық маңыздылығы айқын көрінеді. 7.4. Қолдану деңгейі кең. Бұл зерттеу еңбегі – әл-Фараби тұлғасының тарихи-философиялық болмысын тек академиялық тұрғыда ғана емес, қазіргі заманғы әлеуметтік-мәдени трансформациялар контекстінде қайта ұғынуға мүмкіндік беретін практикалық бағдарланған гуманистік платформа ретінде ұсынылады. Оның практикалық маңызы бірнеше өзекті бағыттар бойынша айқындалады: жоғары білім беру жүйесінде, мәдениетаралық диалог пен толеранттылық құндылықтарын нығайтуда, қазіргі жастар тәрбиесі мен рухани даму стратегияларында, Қазақстанның тарихи жады мен рухани жаңғыру стратегиясы аясында, Әл-Фараби мұрасын цифрлық-гуманитарлық кеңістікте интеграциялауда. 7.5. Диссертациялық жұмыстың негізгі теориялық қағидалары мен қорытындылары автордың 8 ғылыми мақаласы арқылы талқыға ұсынылған, 4 мақала тікелей тақырыпқа сай көрініс тапқан, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен тізімдегі журналдарда, 3 мақала халықаралық конференция материалдарының жинағында, 1 мақала тікелей тақырыпқа сай Scopus базасына енетін журналдардың бірінде жарияланған. Сондықтан «<i>ия</i>» деген баға беріледі.
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	Зерттеудің әдіснамалық негіздері нақты айқындалып, қолданылған әдістердің ғылыми негізділігі жан-жақты дәлелденген. Әл-Фараби феноменін өркениетаралық диалог және мәдени медиаторлық тұғырда зерттеу — танымның постдисциплинарлық кеңістігінде жүзеге асырылатын, тарихи-философиялық рефлексияны онтологиялық тереңдікпен, аксиологиялық тұтастықпен және герменевтикалық

		динамикамен ұштастыратын күрделі когнитивтік құрылым. Мұндай көзқарас диссертациялық жұмыстың теориялық-әдіснамалық базасын классикалық рационализм мен заманауи мәдени философияның, өркениеттік цикл теориялары мен постструктуралистік герменевтиканың тоғысында қалыптастыруды талап етеді. Осы әдістамалардың барлығы зерттеу жұмысында көрініс тапқан. <i>Ия</i>
	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Диссертациялық зерттеу барысында ғылыми талдау мен деректерді өңдеудің заманауи әдістері қолданылып, ақпаратты интерпретациялауда компьютерлік технологиялардың мүмкіндіктері кеңінен пайдаланылған. Зерттеуді жүргізу барысында электрондық кітапханалар, ғылыми мәліметтер қорлары, академиялық мақалалар базалары мен интернет-ресурстар жүйелі түрде қолданылған. Бұл бағдарламалық құралдар ақпаратты құрылымдауға, мәтіндер арасындағы идеялық байланыстарды анықтауға және зерттеудің нәтижелерін визуалды түрде көрсетуге мүмкіндік береді. Компьютерлік технологияларды қолдану зерттеу үдерісінің тиімділігін арттырып, алынған қорытындылардың дәлдігі мен сенімділігін қамтамасыз етті. <i>Ия</i>
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Зерттеудің концептуалдық парадигмасы әл-Фараби тұлғасын жекелеген философиялық дәстүрлердің өкілі ретінде шектеуден бас тартып, оны өркениетаралық танымның символдық агенті, интеркультуралық трансляцияның мәдени-когнитивтік механизмі, яғни трансцивилизациялық метафеномен ретінде ұғынуға негізделеді. Бұл көзқарас танымды логосқа негізделген дискурсивті жүйе ретінде емес, мәдени-кодтық алмасулар мен мағыналық миграциялар алаңы ретінде пайымдауға жол ашады. Мұнда герменевтикалық-онтологиялық тәсіл, мәдени-антропологиялық интерпретация, өркениеттік теориялар негізі, интеркультурализм мен постколониалдық дискурс, философиялық метатеория, исламдық-классикалық рационализм әдістері қолданыс тапқан. <i>Ия</i>
	1) ия;	
	2) жоқ.	
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Зерттеудің концептуалдық парадигмасы әл-Фараби тұлғасын жекелеген философиялық дәстүрлердің өкілі ретінде шектеуден бас тартып, оны өркениетаралық танымның символдық агенті, интеркультуралық трансляцияның мәдени-когнитивтік механизмі, яғни трансцивилизациялық метафеномен ретінде ұғынуға негізделеді. Бұл көзқарас танымды логосқа негізделген дискурсивті жүйе ретінде емес, мәдени-кодтық алмасулар мен мағыналық миграциялар алаңы ретінде пайымдауға жол ашады. Мұнда герменевтикалық-онтологиялық тәсіл, мәдени-антропологиялық интерпретация, өркениеттік теориялар негізі, интеркультурализм мен постколониалдық дискурс, философиялық метатеория, исламдық-классикалық рационализм әдістері қолданыс тапқан. <i>Ия</i>
	1) ия;	
	2) жоқ.	

		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Диссертациялық зерттеуде ұсынылған негізгі тұжырымдар нақты және сенімді ғылыми дереккөздерге сүйеніп, жан-жақты дәлелденген. Зерттеу барысында әл-Фараби еңбектерімен қатар отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулері кеңінен пайдаланылып, олардың тұжырымдары мұқият талданған. Теориялық және әдіснамалық негіздер классикалық философиялық еңбектермен қатар, қазіргі заманғы ғылыми зерттеулер мен академиялық мақалаларға сүйене отырып қалыптастырылған. Зерттеу үдерісінде ғылыми тұжырымдардың дәлдігіне ерекше көңіл бөлініп, әрбір мәлімдеме нақты дереккөздермен және сенімді ғылыми әдебиеттермен негізделген.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Бұл ғылыми жұмыста қолданылған әдебиеттер тізімі зерттеу тақырыбын жан-жақты қамтуға жеткілікті деңгейде жасақталған. Барлығы 218 дереккөз пайдаланылған, олардың ішінде шет тілдеріндегі аударылған материалдар мен ғылыми зерттеулердің үлесі айтарлықтай. Бұл зерттеудің ауқымын кеңейтіп, алынған ғылыми нәтижелердің негізділігін күшейтуге ықпал еткен.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жоқ.	Герменевтикалық-онтологиялық тәсілде Мартин Хайдеггердің «Dasein» онтологиясы мен Ганс-Георг Гадамердің тарихи сана мен тілдің онтологиялық тұтастығы туралы тұжырымдары әл-Фарабидің философиялық мұрасын уақыт пен кеңістік шеңберінен тыс, болмыстың транссемиотикалық көрінісі ретінде тануға мүмкіндік береді. Бұл бағыт Фарабидің мәтіндерін өмірлік мағына тудырушы герменевтикалық акт ретінде ұғынып, оны мәдени трансценденцияның іргелі формасы ретінде пайымдайды. Мәдени-антропологиялық интерпретацияда Клиффорд Гирцтің мәдениетке символдық жүйе ретінде қарауы мен Мирча Элиаденің сакралды кеңістік концепциясы негізінде әл-Фарабидің дүниетанымы рационалдық құрылымнан гөрі мәдени архетиптік репрезентация ретінде қарастырылады. Бұл тәсіл оның философиясын тарихтың фактісінен гөрі мәдени жадының трансляциялық құрылымы

		ретінде қабылдауға жағдай жасайды. Жалпы саны алты шақты теориялар мен әдіснамалардың негізінде тақырып толық ашылғандықтан диссертациялық жұмыстың <i>теориялық маңызы бар</i> .
	9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ.	Жоғары білім беру жүйесінде бұл диссертациялық зерттеу әл-Фарабидің философиялық, саяси-этикалық және ғылыми көзқарастарын шығыстану, мәдениеттану, философия, өркениеттану пәндері бойынша арнайы курстар мен оқу бағдарламаларын әзірлеуде негізгі теориялық база ретінде пайдалануға мүмкіндік береді. Әсіресе, «әл-Фараби және өркениеттер сұхбаты», «Фараби мұрасы және қазіргі жаһандық гуманизм» тақырыптарында элективтік курстар ұйымдастыруға болады. Мәдениетаралық диалог пен толеранттылық құндылықтарын нығайтуда, әл-Фарабидің «қайырымды қала», «кемел адам», «ізгілік пен білім бірлігі» идеялары – қазіргі көпэтносты қоғамдарда бейбіт қатар өмір сүрудің философиялық негізі ретінде қолданыла алады. Бұл, әсіресе, ұлттық бірегейлікті сақтай отырып, жаһандық қауымдастықпен үйлесімді қатынас орнатуға бағытталған мәдени саясатта өзекті.
	9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Қазіргі жастар тәрбиесі мен рухани даму стратегияларында, әл-Фараби іліміндегі ақыл-парасат, бақытқа ұмтылу, жан мен тәннің үйлесімі туралы қағидалар тұлғалық жетілу, моральдық рефлексия және әлеуметтік жауапкершілік тұрғысынан практикалық нұсқаулық ретінде қарастырылуы мүмкін. Бұл бағытта оқу орындары мен тәрбие жүйелеріне арналған мотивациялық-танымдық құралдар дайындауға мүмкіндік бар. <i>Толығымен жаңа</i>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Диссертациялық жұмыс ғылыми стиль талаптарына толық сай келеді. Материалды баяндау әдісі нақты, түсінікті және жүйелі түрде ұйымдастырылған. Зерттеу барысында қолданылған ғылыми терминдер мен ұғымдар талапқа сәйкес дұрыс қолданылып, олардың мағыналық дәлдігі қамтамасыз етілген. Әрбір тараудың құрылымы айқын әрі логикалық бірізділікте беріліп, тұжырымдар нақты дәлелдерге сүйеніп

		жасалған. Барлық тұжырымдар тиісті дереккөздерге жасалған сілтемелермен негізделген, бұл зерттеудің сенімділігі мен ғылыми дәйектілігін күшейтеді. Зерттеудің құрылымдық тұтастығы мен логикалық байланысы <i>жосары академиялық жазу</i> сапасын қамтамасызетеді.
11.	Диссертацияға ескертулер	Диссертациялық жұмысты жоғары бағалай отырып, оның ғылыми құндылығы мен мазмұндық маңызын одан әрі арттыра түсуге мүмкіндік беретін бірқатар техникалық мәселелерді жетілдіру қажеттігін атап өткен жөн. Біріншіден, зерттеу барысында көрсетілген практикалық ұсыныстардың ауқымы жеткілікті болғанымен, олардың нақты қолдану тәсілдерін көрсету қажет. Әсіресе, зерттеу нәтижелерін білім беру жүйесіне, мемлекеттік басқару мекемелеріне және мәдениеттану саласындағы зерттеулерге енгізу жолдарын нақтырақ айқындау жұмыстың практикалық құндылығын күшейте түседі. Екіншіден, диссертацияның тілдік стилі мен академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде болғанымен, кейбір тұжырымдар мен сөйлемдердің құрылымы күрделілігімен ерекшеленеді. Оларды ықшамдау және нақтыландыру арқылы жұмыстың мазмұнын түсінікті етуге және оқырманға жеңіл қабылдауға мүмкіндік жасауға болады. Үшіншіден, қолданылған терминдердің бірізділігін қамтамасыз ету маңызды. Кейбір ұғымдардың әртүрлі нұсқада қолданылуы байқалады, сондықтан олардың анықтамаларын нақтылау және бірізді қолдану арқылы жұмыстың ғылыми стилін жақсартуға мүмкіндік бар.

